

## Әбілхан Қастеев атындағы мұражайға серуен

2017 жылдың 25 ақпанында 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мандығының 1 курс студенттерімен ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайына бардық.

Мұражайға топ серуенге бару мақсатымыз 1 курс студенттеріне Қазақстан Республикасы мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы - 1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (1935 жылы қаланған) және Республикалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған) қоры негізінде қаланған. 1984 жылы қаңтарда музейге Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілгені туралы ақпарат беру.



2005 жылдың қаңтарында Әбілхан Қастеевке Алматы қаласының әкімі И. Н. Тасмағамбетовтың және қала басшылығының тікелей қаржылық қолдауымен ескерткіш ашылған.





Мұражай қызметкері Мадина Әбілхан Қастеевтің салған суеттерімен анстыра отырып, Әбілхан Қастеев 1904 жылы туылып, 1973 жылы қайтыс болған қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі екенін айтты. Әбілхан Қастеев Туып-өскен жері — Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегi. Топырақ бұйырған жері — Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). 1945-1956 жылдары Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы қызметін атқарғаны туралы да айтып өтті.



Сонымен қатар еңбек жолын Түрксіб темір жол құрылысында жұмысшы болып бастағанын. Мәскеудегі көркемсурет студиясында Н.Г.Хлудов пен И.Бродскийден сабақ



алды (1929-1936). Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтіргені туралы мазмұнды баяндап берді.



Әбілхан Қастеевтің 1936 жылы салған " Бие сауу" деп аталатын картинасына қаап тұрып, сонау заманғы қазақ ауылына келгендей әсер алдық.





Біздің қыздарға Роза апаларының жас кезі бейнелген суреті ерекше ұнады.



Мұражайда бейнелеу өнері мен дәстүрлі және заманауи қолданбалы өнердің ғажап коллекциялары бар. Онда батыс, орыс және кеңес өнерінің



және шығыс халықтары қолданбалы өнерінің тыңғылықты жинағы орын алған. Мұражайдағы XIX - XX ғасырлардағы қазақ қолданбалы өнерінің бай коллекциялары қазақ қол өнерінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Олардың ішіндегі ең көбі – күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, киіздер мен текеметтер, түкті және тақыр кілемдер, кестелі кілемдер. Мұражай коллекциясында ағаш пен теріден, шыныдан және мыстан жасалған заттар студенттерге өте ұнады.





XXI ғасыр суретшілері мен мүсіншілерінің туындыларыда бізге керемет әсер берді. Мұражай қызметкері Мадина адамның өзі мен қоршаған ортаны таныстыратын көркемдік қызметінің материалдық айғақтарын жинап, сақтап отырады, зерттеп-зерделейді, көрмеге қойып, көрерменге таныстырады. Жыл сайын республикалық және халықаралық семинарлар мен конференциялар ұйымдастырып тұратынын айтты.



Студенттермен бірге Сүлейменов Рауаның 2016 жылы «Зерек Шоқан әжесі Айаныммен» картинасына қарап, бала Шоқанның әлеуметтенуіне, зеректе ақылды болып, ержетуіне бірден бір ықпал еткен әжесі Айғаным екені туралы айтып, пікір алмастық.



Бақытхан Мырзахметовтың Аблай хан. Ханды көтеру. 2012 жылы салынған еңбегі. Абылай ханның ХҮІІІ ғасырда Орталық Азияның әлемдік деңгейдегі мемлекет басшысы, қолбасшысы, дипломат болғанын, оның тұсындағы қазақ хандығының Жоңғарлармен, Ресей, Қытай империясымен және тағыда басқа елдермен жүргізген сыртқы саясатының негізгі оқиғалары туралы студенттердің ойларымен бөлістік.. Абылайдың қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау жолындағы сыртқы саясат саласындағы тарихи еңбегі туралы қызыты пікірлер айтылды.

Студенттерге мұражай өте ұнады. Ә. Кастеевтің туындыларымен таныса отырып, әр кезеңдегі ерекшеліктер суретші қаламы арқылы қайталанбас өзіндік із қалдырып отыратындығы туралы көптеген жаңалықтармен танысты. Өзіміздің ризашылықтарымызды білдіру мақсатында арнайы басталған дәптерге тілектерімізді жазып кеттік.



Серуенді ұйымдастырушы: 5В012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мандығының 1 курс әдвайзері Алимбекова А.А.